

## Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының логопедиялық атқарылған жұмысы 2023-2024 оқу жылы

Логопедиялық пунктте мынадай бағыттағы жұмыстар жүзеге асырылады:  
Ауызша және жазбаша тілдері дамуында кемшіліктері бар оқушыларға түзетулік көмек көрсету;  
Оқушының тіл дамуын, ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін жүйелі дамыту барысында жас ерекшелігіне сәйкес балалардың сөздік қоры және тіл дамуын жақсарту;  
Оқу бөлмелерінің функцияларын дамыту;  
Оқушылардың дыбысты айтуының бұзылуын түзету немесе жақсарту жұмысы барысында қолайлы жағдай ұйымдастыру;  
Жеке бағдарламаларды дайындау мақсатында оқушыны зерттеу;  
Түзету сабақтарын жеке, топпен өткізу.

### Түзету бағыты:

- дыбыстардың айтылуы;
- лексикалық сөздік қор;
- ауызша сөздердің байланысы;
- грамматикалық қатарлар;
- фонематикалық қабылдау;
- оқу мен жазудағы кемшіліктерді түзету.

Анықталған оқушылар:

Барлығы – 11 бала

Оның ішінде дыбыс айтуының бұзылуы : 1

Жалпы сөйлеу тілінің бұзылуы: 5

Жазу мен оқу бұзылуы: 5

Жұмыстың нәтижелері:

Жақсы деңгеймен шығарылғаны-4

Орташа деңгеймен шығарылғаны-2

Есеп тізімінде қалғаны-5

Тіл кемістіктерін түзету жұмысында түрлі әдістемелер, тапсырмалар қолданылып, оқыту жұмысы жүргізілді. Ойындар мен тапсырмалар орындап, барлық психикалық қабілеттері (киял, ақыл-ой, зейін) мен ұсақ моторикасын жетілдіру жұмысы жүргізілді. Сонымен қатар, дыбыстарды дұрыс дыбыстауға және бұрмалап айтылатын дыбыстарды түзету барысында, артикуляциялық мүшелердің бұлшық еттерін жаттықтыру жұмыстар жүргізілді.

Артикуляцияны дұрыс қалыптастыру үшін арнайы жаттығулар қолданылды.

Оқушылар ойын тапсырмаларына қызыға көңіл бөледі, дидактикалық ойын

барысында заттардың саны мен сапасын оның атауларын, оларды сыртқы бейнесі бойынша салыстырып, есте сақтауды үйренді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың оқу қабілеті, есту қабілеті, дыбыстардың дұрыс айтылуы, сөздік қорының көбеюі, грамматикалық қалыптасуы, тіл байланысындағы кемшіліктер саны азайды. Балалардың тіл кемістіктері жойылып, сөйлеу қабілеттері жақсарды.

Мектеп директоры:

Логопед:



Н.Тәжин

Р. Сарбалина